

Қазақстан Республикасындағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім

Жариялау күні: 30.12.2025

Келесі жариялау күні: 30.12.2026

- [1. Негізгі ойлар](#)
- [2. Жоғары білімнің негізгі көрсеткіштерінің динамикасы](#)
- [3. Глоссарий](#)
- [4. Әдістемелік түсініктемелер](#)
- [5. Қатысты басылымдарға сілтемелер](#)
- [6. Пайдалы сілтемелер](#)

1. Негізгі ойлар

2025-2026 оқу жылының басында Қазақстан Республикасында 706 дербес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары (бұдан әрі-ТжКБ) және 35 филиал жұмыс істеді.

Оқушылардың жалпы саны 562 мың адамды құрады, оның ішінде 266 мың адам немесе 47,3% - әйелдер. 2024-2025 оқу жылымен салыстырғанда оқушылар саны 1,0% - ға өсті.

Білім алушылардың жалпы санының 73,4% негізгі орта білім негізінде, 22,9% жалпы орта білім негізінде, 3,7% ТжКБ базасында білім алады.

Күндізгі нысан бойынша білім алушылардың 96,9%, кешкі және сырттай нысандарда тиісінше 0,4% және 2,7% білім алады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 397 мың адам оқиды, бұл оқушылардың жалпы санының 70,6% құрайды, ақылы білім беру қызметтерін 165,1 мың адам немесе білім алушылардың 29,4% алады.


Түлектер саны 169,3 мың адамды құрады, оның ішінде 102,3 мың адам (60,4%) жұмысқа орналастырылды және 28,4 мың адам (16,8%) жоғары оқу орындары мен колледждерде оқуын жалғастырды.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 38684 оқытушы және 5170 өндірістік оқыту шебері жұмыс істейді, әйелдердің үлес салмағы тиісінше 70,3% және 47,8% құрайды.

Педагог қызметкерлердің жалпы санының 32,9 мың адамы немесе 85,1% оқу орындарының штатында қалады.

Жоғары білім 35942 оқытушы және 3769 өндірістік оқыту шебері ие, бұл олардың жалпы санының тиісінше 92,9% және 72,9% сәйкес келеді.

2025-2026 оқу жылының басына ТжКБ ұйымдарының және оларда оқитындардың саны




[Электронды кестелер:](#)


2. Динамика

Соңғы бес жылдағы динамикада ТжКБ ұйымдары санының жыл сайынғы төмендеуі байқалады. 2025 жылы 2021 жылмен салыстырғанда ТжКБ ұйымдары саны 2,5% - ға азайды, бұл ретте ТжКБ ұйымдарында білім алушылар саны өсуі 13,7%.

ТжКБ ұйымдарының бес жыл ішіндегі динамикадағы саны



ТжКБ ұйымдарындағы студенттер саны



2025 жылы өңірлер бөлінісінде студенттерді барынша ұлғайту Түркістан облысында – 150,2%, Астана қаласында – 145,1%, Жамбыл облысында – 118,1%, Шымкент қаласында – 117,1%, Алматы қаласында – 116,9%, Ақтөбе облысында – 111,4%, 2021 жылмен салыстырғанда байқалады. Жалпы республикалық өсім студенттерді қабылдады тиісінше 114,2% құрады.

ТжКБ ұйымдарында студенттерді қабылдау

адам

	2021	2022	2023	2024	2025
Қазақстан Республикасы	176 884	195 189	192 843	194 703	201 978
Абай	-	8 097	7 708	7 455	7 849
Ақмола	7 770	7122	6 705	7 047	7 800
Ақтөбе	9 685	10 143	9 738	10 372	10 788
Алматы	12 565	7 324	6 562	6 575	6 437
Атырау	6 665	7 303	6 434	6 670	7 261
Батыс Қазақстан	6 655	6 192	5 606	5 721	6 026
Жамбыл	7 912	9315	8 870	9 184	9 342
Жетісу	-	5 464	5 460	5 580	5 897
Қарағанды	13 787	12 137	11 576	11 595	12 924
Қостанай	7 717	7 459	7 318	7 281	7 664
Қызылорда	6 061	7107	6 415	6 485	7 370
Маңғыстау	7 174	7718	7 261	7 234	7 575
Павлодар	7 491	7 776	7 543	7 517	8 114
Солтүстік Қазақстан	3 991	4070	4 255	4 156	4 313
Түркістан	11 367	14 264	16 870	17 353	17 084
Ұлытау	-	2185	2 302	1 977	2 046
Шығыс Қазақстан	13 620	6 891	7 018	7 404	6 834
Астана қ.	10 616	13 595	14 313	14 442	15 403
Алматы қ.	27 872	31 201	30 759	30 473	32 596
Шымкент қ.	15 936	19 826	20 130	20 182	18 655

3.Әдістемелік түсініктемелер

Қазіргі басылымда меншік пен ведомстволық тиесіліліктің барлық нысандарындағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының желісі, контингенті, оқытушылар құрамы және материалдық-техникалық базасы туралы деректер көрсетілген.

Оның ішінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қоғамдық пайдалы кәсіптік қызметтің негізгі бағыттары бойынша техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті мамандарын даярлауды жүргізетін кәсіптік лицейлер мен колледждерді қамтыды.

Барлық деректер алынған білім нысандары бойынша, оқу орнының меншік нысандары бойынша, сондай-ақ оқу процесін қаржыландыру көздері бойынша топтастырылған.

4. Глоссарий

Кәсіптік лицейлер - жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және білікті кадрлық техникалық және қызмет көрсету еңбегін даярлау жөніндегі техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орындары.

Колледждер - жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орындары.

Оқу орындарына қабылдау – оның ішінде бекітілген қабылдау ережелеріне сәйкес осы оқу орнында оқуға қабылданған адамдар. Оның ішінде оқуға қайта қабылданған адамдар қабылданбайды.

Оқу орындарынан шығару – Оқу орнында оқу курсына толық аяқтаған және тиісті білім (мамандық) алған адамдардың саны.

5. Басылымдарға байланысты сілтемелер

[Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру " 2-НҚ нысаны](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[Статистика бойынша әдіснамалық ереже](#)

["Талдау" Ақпараттық-талдау жүйесі](#)

Басылымға жауапты:
Халық статистикасы
департаменті

Департамент директоры:
Н. Ханжігітов
Тел. +7 7172 749061

Орындаушы:
А. Саликова
Тел. +7 7172 749801
E-mail: a.salikova@aspire.gov.kz

Мекен жайы:
010000, г.Астана
Мәңгілік ел даңғылы, 8
Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
